# «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы

2015 жылдың 31 желтоқсанында
аяқталған жыл үшін
қаржылық есептілік

## Мазмұны

| | |
|---|---|
| Тәуелсіз аудиторлардың есебі | |
| Пайда немесе шығын және жиынтық кіріс туралы есеп | 5 |
| Қаржы жағдайы туралы есеп | 6 |
| Ақшалай қаражат қозғалысы туралы есеп | 7 |
| Капиталдағы өзгерістер туралы есеп | 8 |
| Қаржы есептілігіне ескертпе | 9-45 |

«КПМГ Аудит» жауапкершілігі
шектеулі серіктестік
050051 Алматы, Достық д-лы 180,
Тел./факс 8 (727) 298-08-98, 298-07-08

Товарищество с ограниченной
ответственностью «КПМГ Аудит»
050051 Алматы, пр. Достык 180,
E-mail: company@kpmg.kz

## Тәуелсіз аудиторлардың есебі

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының басшылығына

Біз 2015 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдай туралы есебінен және көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс, капиталдағы өзгерістер және ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есептерден, сондай-ақ есеп саясатының тұжырымдамасы мен басқа түсіндірмелі ескертпелерден тұратын «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының (бұдан былай, «Қор») ұсынылып отырған қаржылық есептіліктің аудитін жүргіздік.

*Қаржылық есептілікті дайындауда Қор басшылығының жауапкершілігі*

Басшылық Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес бұл қаржылық есептілікті дайындауға және әділ түрде көрсетуге, сонымен қоса басшылықтың алаяқтық немесе қателерден туындаған елеулі бұрмаланбаған қаржылық есептілікті дайындаудың керектігіне шешімі бойынша қажетті болатын ішкі бақылауға жауапты болады.

*Аудиторлардың жауапкершілігі*

Біз аудитімізге негізделген бұл қаржылық есептілік туралы пікір айтуға жауаптымыз. Біз Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес аудитті жүргіздік. Бұл стандарттарға сай біз әдептану талаптарына сәйкес келіп, қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалануы туралы ақылға қонымды сенімділік беру үшін аудитті жоспарлай орындауымыз тиіс.

Аудитке қаржылық есептілік сомалары мен ашулары бойынша аудиторлық дәлел алу үшін шаралардың орындалуы жатады. Таңдалған шаралар аудиторлық пікірге, сонымен қоса алаяқтық немесе қателерден туындаған қаржылық есептілік елеулі бұрмалануының тәуекелін бағалауға тәуелді болады. Тәуекелді бағалауда, аудитор пікірінше ішкі бақылау жағдайларға тән болатын шараларды орындау мақсатымен, бірақ кәсіпорынның ішкі бақылауының нәтижелілігі туралы пікір айту мақсатынсыз кәсіпорынның қаржылық есептілікті дайындауы мен әділ көрсетуіне байланысты. Аудит сондай-ақ қолданылған есеп саясатының сәйкестігін, басшылықтың бухгалтерлік бағалаудың тиістілігін бағалаудан, сондай-ақ, қаржылық есептіліктің жалпы сипаттағы көрсетілуін бағалаудан тұрады.

Біздің пікірімізше, алған аудиторлық дәлел аудиторлық пікір негізін салуға жеткілікті, әрі тиісті болады.

«КПМГ Аудит» ЖШС, Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша тіркелген компания және Швейцария заңнамасы бойынша тіркелген KPMG International Cooperative ("KPMG International") қауымдастығына кіретін KPMG тәуелсіз фирмалар желісінің мүшесі.

ТОО «КПМГ Аудит», компания, зарегистрированная в соответствии с законодательством Республики Казахстан, член сети независимых фирм KPMG, входящих в ассоциацию KPMG International Cooperative ("KPMG International"), зарегистрированную по законодательству Швейцарии.

*Пікір*

Пікірімізше, қаржылық есептілік Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес барлық елеулі қатынастарда Қордың 2015 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдайын және көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша қаржылық нәтижелерін және ақша қаражаттарының қозғалысын әділ көрсетеді.

*Өзге мәліметтер*

Қордың 2014 жылдың 31 желтоқсанына және көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша қаржылық есептілігін өзінің 2015 жылдың 13 ақпанында берген есебінде аталмыш қаржылық есептілік жөнінде модификацияланбаған пікірін білдірген басқа аудитор өткізген болатын.

Ирматов Р.И.
Қазақстан Республикасының
сертификатталған аудиторы
2012 жылдың 6 қаңтарында берілген
№ МФ-0000053 аудитордың біліктілік куәлігі

**«КПМГ Аудит» ЖШС**

*Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігімен 2006 жылдың 6 желтоқсанында аудиторлық қызметпен айналысуға берілген № 0000021 мемлекеттік лицензия*

Хаирова А.А.
Жарғы негізінде әрекет етуші
«КПМГ Аудит» ЖШС Бас Директоры

2016 жылдың 24 наурызы

| | Ескертпе | 2015 ж. мың теңге | 2014 ж. мың теңге |
|---|---|---|---|
| Комиссиялық кіріс | 4 | 58,856,318 | 26,423,162 |
| Комиссиялық шығыс | 5 | (21,164,569) | (6,460,387) |
| **Таза комиссиялық кіріс** | | **37,691,749** | **19,962,775** |
| Пайыздық кіріс | 6 | 2,308,319 | 1,072,176 |
| Шетел валюталарымен жасалған операциялардан таза пайда | | 4,734,353 | 19,233 |
| Сатуға арналған активтермен операциялардан таза сатылған шығын | | (111,767) | - |
| Басқа операциялық (шығыс)/кіріс, нетто | | (3,443) | 1,203 |
| **Операциялық кіріс** | | **44,619,211** | **21,055,387** |
| Қызметкерге шығыстар | 7 | (7,655,795) | (4,730,668) |
| Басқа жалпы әкімшілік шығыстар | 8 | (2,550,395) | (1,654,918) |
| Табыс салығы бойынша шығыс | | **34,413,021** | **14,669,801** |
| Расход по подоходному налогу | 9 | (6,779,519) | (2,843,924) |
| **Жыл үшін пайда** | | **27,633,502** | **11,825,877** |
| **Табыс салығы шегерілген басқа жиынтық кіріс** | | | |
| *Қайта жіктелген немесе салдарынан пайда немесе шығын құрамына қайта жіктелуі мүмкін баптар:* | | | |
| Сатуға арналған қолда бар инвестицияларды қайта бағалау бойынша резерв: | | | |
| - әділ құнның таза өзгерісі | | (301,737) | (47,503) |
| - пайда немесе шығын құрамына ауыстырылған әділ құнның таза өзгерісі | | 111,767 | - |
| **Табыс салығы шегерілген басқа жиынтық кіріс** | | **(189,970)** | **(47,503)** |
| **Жыл үшін жиынтық кіріс жиыны** | | **27,443,532** | **11,778,374** |

5- беттен бастап 45-бет аралығында көрсетілген осы қаржы есептілігі 2016 жылы 24 наурызда Қордың басшылығымен мақұлданған, және басшылық атынан оған қол қойғандар:

Ерденаев Руслан Серикович
*Басқарма төрағасы*

Куатова Армида Шайзадиновна
*Бас бухгалтер*

Пайда немесе шығын және басқа жиынтық кіріс туралы есеп қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылатын осы есептілікке ескертпелермен бірге қаралуы керек.

| | Ескертпе | 2015 ж. мың теңге | 2014 ж. мың теңге |
|---|---|---|---|
| **АКТИВТЕР** | | | |
| Ақша қаражаты және олардың баламалары | 10 | 16,918,433 | 6,446,085 |
| Сату үшін қолда бар қаржы активтері | 11 | 20,120,688 | 7,673,554 |
| Банктердегі мерзімді салымдар | 12 | 26,920,776 | 15,203,852 |
| Алуға комиссиялық кіріс | 13 | 6,348,208 | 1,668,995 |
| Ағымдағы салық активі | | - | 61,557 |
| Инвестициялық меншік | | 22,761 | 30,457 |
| Негізгі қаражаттар мен материалдық емес активтер | 14 | 1,048,000 | 871,451 |
| Кейінге қалдырылған салық активтері | 9 | 3,362,396 | 702,002 |
| Өзге активтер | | 152,677 | 169,566 |
| **Активтердің жиыны** | | **74,893,939** | **32,827,519** |
| **МІНДЕТТЕМЕЛЕР** | | | |
| Ағымдағы салық міндеттемесі | | 1,305,940 | - |
| сенімгерлікпен басқарған үшін ҚРҰБ төлеміне комисия | 15 | 16,611,467 | 3,273,836 |
| Өзге міндеттемелер | 16 | 669,943 | 690,626 |
| **Міндеттемелер жиыны** | | **18,587,350** | **3,964,462** |
| **КАПИТАЛ** | | | |
| Акционерлік капитал | 17 (а) | 7,114,244 | 7,114,244 |
| Резервтік капитал | 17 (в) | 4,056,517 | 4,056,517 |
| Сату үшін қолда бар активтерді қайта бағалау бойынша резерв | | (432,667) | (242,697) |
| Үлестірілмеген пайда | | 45,568,495 | 17,934,993 |
| **Капитал жиыны** | | **56,306,589** | **28,863,057** |
| **Капитал мен міндеттемелердің жиыны** | | **74,893,939** | **32,827,519** |

Қаржы жағдайы туралы есеп қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылатын осы есептілікке ескертпелермен бірге қаралуы керек.

| | Ескертпе | 2015 ж. мың теңге | 2014 ж. мың теңге |
|---|---|---|---|
| **ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ ҚОЗҒАЛЫСЫ** | | | |
| **Жыл бойындағы пайда** | | **27,633,502** | **11,825,877** |
| Түзетулер: | | | |
| Тозу және амортизация | 14 | 251,543 | 160,307 |
| Сату үшін қолда бар қаржы активтерінің шығуынан шығын | | 111,767 | - |
| Негізгі қаражат пен материалдық емес активтердің шығып қалуынан шығын | | 543 | 5,450 |
| Инвестициялық меншіктің құнсызлануынан шығын | | 7,696 | - |
| Жіберілімдер бойынша резерв | | 46,016 | 24,560 |
| Сыйлықақылар бойынша резерв | | - | (20,556) |
| Шетел валютасымен операциялардан таза пайда | | (4,734,353) | (19,233) |
| Пайыздық кіріс | 6 | (2,308,319) | (1,072,176) |
| Табыс салығы бойынша шығыс | 9 | 6,779,519 | 2,843,924 |
| **Операциялық активтердің (ұлғаюы)/кемуі:** | | | |
| Алуға комиссиялық кіріс | | (4,679,213) | (581,770) |
| Өзге активтер | | 68,792 | (100,626) |
| **Операциялық міндеттемелердің ұлғаюы** | | | |
| сенімгерлікпен басқарған үшін ҚРҰБ төлеміне комисия | | 13,337,631 | 2,964,128 |
| Өзге міндеттемелер | | (66,704) | 196,056 |
| **Салық салынғанға дейін операциялық қызметтен ақшалай қаражаттың таза түсімі** | | **36,448,420** | **16,225,941** |
| Төленген табыс салығы | | (8,072,416) | (3,240,686) |
| **Салық салынғанға дейін операциялық қызметтен ақшалай қаражаттың таза түсімі** | | **28,376,004** | **12,985,255** |
| **ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:** | | | |
| Сату үшін қолда бар активтерді сатып алу | | (12,150,729) | - |
| Сату үшін қолда бар активтерді сату және өтеу | | 305,321 | - |
| Банктердегі мерзімді салымдарды орналастыру | | (26,100,150) | (11,000,000) |
| Банктердегі мерзімді салымдардан түсімдер | | 16,797,567 | 2,700,000 |
| Негізгі қаражат пен материалдық активтерді салып алу | | (428,635) | (391,813) |
| Алынған пайыздар | | 2,214,045 | 990,377 |
| **Инвестициялық қызметтегі ақшалай қаражатты пайдалану** | | **(19,362,581)** | **(7,701,436)** |
| **АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫНЫҢ ТАЗА ҰЛҒАЮЫ** | | **9,013,423** | **5,283,819** |
| Ақша қаражаты мен оның баламаларының шамасына валюта бағамдары өзгерісінің ықпалы | | 1,458,925 | 19,233 |
| Жыл басына ақша қаражаты мен оның баламалары | | 6,446,085 | 1,143,033 |
| **Жыл аяғына ақша қаражаты мен оның баламалары** | 10 | **16,918,433** | **6,446,085** |

Ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есеп қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылатын осы есептілікке ескертпелермен бірге қаралуы керек.

| мың теңге | Акционерлік капитал | Резервтік капитал | Сату үшін қолда бар активтерді қайтабағалау бойынша резерв | Үлестірілі-меген пайда | Капитал жиыны |
|---|---|---|---|---|---|
| 2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалдық | 7,012,769 | 4,056,517 | (195,194) | 6,109,116 | 16,983,208 |
| **Жиынтық кіріс жиыны** | | | | | |
| Жылдағы пайда | - | - | - | 11,825,877 | 11,825,877 |
| **Басқа жиынтық кіріс** | | | | | |
| *Қайта жіктелген немесе салдарынан пайда немесе шығын құрамына қайтажіктелуі мүмкін баптар:* | | | | | |
| Сатуға арналған қолда бар активтердің әділ құнының таза өзгерісі | - | - | (47,503) | - | (47,503) |
| Басқа жиынтық кіріс жиыны | - | - | (47,503) | - | (47,503) |
| **жыл ішіндегі жиынтық кірістің жиыны** | **-** | **-** | **(47,503)** | **11,825,877** | **11,778,374** |
| **Тікелей капитал құрамында көрсетілген меншіктермен операциялар** | | | | | |
| Акциялар шығарылымы (14-ескертпе) | 101,475 | - | - | - | 101,475 |
| **Меншіктермен операциялар жиыны** | **101,475** | **-** | **-** | **-** | **101,475** |
| 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдық | **7,114,244** | **4,056,517** | **(242,697)** | **17,934,993** | **28,863,057** |
| 2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалдық | 7,114,244 | 4,056,517 | (242,697) | 17,934,993 | 28,863,057 |
| **Жиынтық кіріс жиыны** | | | | | |
| Жылдағы пайда | - | - | - | 27,633,502 | 27,633,502 |
| **Басқа жиынтық кіріс** | | | | | |
| *Қайта жіктелген немесе салдарынан пайда немесе шығын құрамына қайтажіктелуі мүмкін баптар:* | | | | | |
| Сатуға арналған қолда бар активтердің әділ құнының таза өзгерісі | - | - | (189,970) | - | (189,970) |
| Басқа жиынтық кіріс жиыны | - | - | (189,970) | - | (189,970) |
| **Жыл үшін басқа жиынтық кіріс жиыны** | **-** | **-** | **(189,970)** | **27,633,502** | **27,443,532** |
| **2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдық** | **7,114,244** | **4,056,517** | **(432,667)** | **45,568,495** | **56,306,589** |

Капиталдағы өзгерістер туралы есеп қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылатын осы есептілікке ескертпелермен бірге қаралуы керек.

# 1 Жалпы ережелер

## (a) Негізгі қызмет

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі, «Қор») Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 24 қыркүйектегі № 1372 қаулысына сәйкес «Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры» ЖАҚ ретінде 1997 жылы 17 желтоқсанда құрылды. Қор 1997 жылы дербес зейнетақы жинақтарының жүйесіне өтуге бағытталған зейнетақы реформасын өткізумен байланысты құрылды. Қор 2005 жылы 1 ақпанда «ГНПФ» мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-ға қайтатіркелген.

2013 жылғы 21 маусымда жаңа редакциядағы «Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының заңы (бұдан әрі – «Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заң») қабылданды. Аталған заңға сәйкес Қазақстан Республикасында барлық міндетті зейнетақы және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын тартумен Қор айналысуы тиіс, ал сол сәтте басқа жинақтаушы зейнетақы қорлары жинаған барлық зейнетақы активтері мен міндеттемелері Қорға уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленген тәртіппен кесте бойынша өткізілуі тиіс. Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері мен міндеттемелерін Қорға қабылдау-өткізу графигі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі (бұдан әрі, «ҚРҰБ») Басқарма Төрағасының 2013 жылғы 22 тамыздағы № 356 бұйрығымен бекітілген. Жоғарыда көрсетілген бұйрыққа сәйкес зейнетақы активтері мен міндеттемелерін беру 2013 жылғы 11 қазанда басталған және 2014 жылғы 26 маусымда аяқталды.

2013 жылы 31 шілдеде Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 747 қаулысымен «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы құрылды. 2013 жылғы 22 тамызда атауының өзгеруіне байланысты «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы ретінде қайта тіркелу жүргізілді. Жарғыға сәйкес Қор – коммерциялық емес ұйым. Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңға сай Қордың жалғыз акционері – «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ (бұдан әрі – «ММЖК») арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңға және 2013 жылғы 24 қыркүйекте ҚРҰБ және 2013 жылғы 25 қыркүйекте ММЖК тіркеген сенімгерлік басқару шартына сәйкес Қор акцияларының мемлекеттік топтамасын ММЖК сенімгерлік басқаруға ҚРҰБ-ға берді.

Қор зейнетақы схемасының (бұдан әрі – «Схема») активтері бойынша зейнетақы жарналарын жинақтау қызметін орындайды. Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңға және Жарғыға сәйкес Қор қызметінің негізгі түрлері:

- міндетті және ерікті зейнетақы және кәсіптік зейнетақы жарналарын тарту;
- зейнетақы төлемдерін жасау; және
- зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алу.

Сенімгерлік басқару шартына сәйкес Қор тартқан зейнетақы активтерін сақтау, есепке алу және инвестициялық басқаруды Қор атынан ҚРҰБ жүзеге асырады.

2015 және 2014 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Схеманың зейнетақы активтері кастодиан банк – ҚРҰБ сақтауында болды.

# 1 Жалпы ережелер, жалғасы

## (а) Негізгі қызмет, жалғасы

Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңға сәйкес Қор өз қызметі үшін таза инвестициялық табыс сомасының 7,5 пайызынан аспайтын және зейнетақы акивтерінің жалпы сомасының 0,025 пайыз көлемінде комиссиялық сыйақы алуға құқылы (4-ескертпе).

Зейнетақы активтерін басқарудан бөлек Қор осы қаржылық есептілікте көрсетілген өз меншікті активтерімен операциялар жүргізеді. Схеманың активтері зейнетақы активтері схемасының қаржылық есептілігінде көрсетілген.

Қордың заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Әуезов көшесі, 82. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың Қазақстан Республикасы бойынша операциялық қызметті жүзеге асыратын 18 филиалы бар (2014 жылы: 18).

2015 және 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қор қызметкерлерінің саны 2,056 және тиісінше 1,819 адамды құрады.

## (б) Акционерлер

2015 және 2014 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Қордың жалғыз акционері ММЖК арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі болған. Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңға және 2013 жылғы 24 қыркүйекте ҚРҰБ және 2013 жылғы 25 қыркүйекте ММЖК тіркеген сенімгерлік басқару шартына сәйкес Қор акцияларының мемлекеттік топтамасын ММЖК сенімгерлік басқаруға ҚРҰБ-ға берді.

## (в) Қазақстан Республикасында қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асыру талаптары

Қор өз қызметін көбіне Қазақстан аумағында жүзеге асырады. Осының салдарынан Қор дамушы нарықтарға тән сипаттамалық ерекшеліктер байқататын Қазақстан нарықтарында экономикалық және қаржы тәуекелдеріне бейім. Заңдық, салықтық және нормативтік заңнама жетілдіріліп жатыр, бірақ түрліше түсінілуі мүмкін және Қазақстанда өз қызметін жүзеге асыратын кәсіпорындар үшін қосымша қиындықтар тудыратын құқықтық және фискалдық жүйелердің басқа да кемшіліктерімен бірге жиі енгізілетін өзгерістерге бейім. Оның үстіне теңгенің елеулі түрде құнсыздануы және мұнай бағасының төмендеуі бизнес жүргізу жағдайындағы белгісіздік тәуекелін ұлғайтты.

Қоса беріліп отырған қаржылық есептілік басшылықтың қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асырудың қазіргі жағдайының қызмет нәтижесі мен Қордың қаржылық жағдайына мүмкін әсерін бағалауын көрсетеді. Қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асыру жағдайларының бұдан былайғы дамуы басшылық бағалауынан ерекшеленуі мүмкін.

# 2 Қаржылық есептілікті дайындаудың негізгі қағидаттары

## (а) ХҚЕС-ке сәйкестік туралы мәлімдем

Бұл қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік («ХҚЕС») стандарттарына сәйкес дайындалды.

## (б) Құнды айқындау үшін база

Қаржылық есептілік әділ құны бойынша көрсетілген сатуға арналған қолда бар қаржы активтерін қоспағанда, тарихи (бастапқы) құн негізінде дайындалды.

## 2 Қаржылық есептілікті дайындаудың негізгі қағидаттары, жалғасы

**(в) Функционалдық валюта және есептілікті тапсыру валютасы**

Қордың функционалдық валютасы – қазақстандық теңге, ол Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы бола отырып, Қор жүргізетін операциялардың және оның қызметіне әсер ететін оларға байланысты жағдайлардың көпшілігінің экономикалық мәнін барынша жақсы көрсетеді. Қазақстандық теңге – осы қаржылық есептілік деректерін беру валютасы.

Қаржылық есептіліктің бүкіл деректері ең жақын мыңға дейін нақтылықпен жинақталған.

**(г) Кәсіби пайымдауларды, есептік бағалаулар мен жорамалдарды пайдалану**

Қаржылық есептілікті ХҚЕС талаптарына сәйкес дайындау басшылыққа есептік саясатты қолдануға және қаржылық есептілікте берілген активтер мен міндемттемелердің, кіріс пен шығыстың шамасына әсер ететін пайымдаулар, есептік бағалаулар және жорамалдар жасауды міндеттейді. Нақты нәтижелер көрсетілген бағалаулардан ерекшеленуі мүмкін.

Бағалаулар және олардың негізі болған жорамалдар тұрақты түрде қайта қарастырылады. Бағалаулардағы түзетулер тиісті бағалау қайта қарастырылған есепті кезеңде және олардың қатысы бар кез келген кейінгі кезеңдерде танылады.

Елеулі белгісіз бағалауларға және сын уәжді пайымдауларға қатысты ақпарат есептік саясат ережелері қолданылған кезде 23-ескертпе Қаржы активтері мен міндеттемелері: әділ құн және есептік жіктемелерде көрсетілді.

## 3 Есептік саясаттың негізгі ережелері

Бұдан әрі сипатталған есептік саясат ережелерін Қор осы қаржылық есептілікте берілген барлық есепті кезеңде бірізді түрде қолданды.

**(а) Шетелдік валюта**

Шетелдік валютадағы операциялар Қордың функционалдық валютасына операциялар жасалған күні қолданыста болған валюта бағамдары бойынша ауыстырылады. Есепті күндегі жағдай бойынша шетелдік валютадағы ақшалай активтер мен міндеттемелер функионалдық валютаға есепті күні қолданыста болған валюта бағамы бойынша ауыстырылады. Шетелдік валютадағы ақшалай активтермен және міндеттемелермен операциялардан пайда немесе шығын кезең ішінде тиімді пайыздық мөлшерлеме мен төлемдер бойынша есептелген шамаға түзетілген кезең басындағы жағдай бойынша функционалдық валютадағы амортизацияланған құн мен есепті кезең аяғындағы жағдай бойынша валюта бағамы бойынша функционалдық валютаға ауыстырылған шетелдік валютадағы амортизацияланған құн арасындағы айырмашылықты білдіреді. Әділ құны бойынша бағаланатын шетелдік валютадағы ақшалай емес активтер мен міндеттемелер функционалдық валютаға әділ құн анықталған күні қолданыста болған валюта бағамдары бойынша ауыстырылады. Шетелдік валютадағы және нақты шығасылар бойынша көрсетілген ақшалай емес активтер мен міндеттемелер функционалдық валютаға операция жасалған күні қолданыста болған валюта бағамы бойынша ауыстырылады.

Шетелдік валютаға ауыстыру нәтижесінде туындайтын бағамдық айырмашылықтар пайда немесе шығын құрамында көрсетіледі, бұған құнсыздану салдарынан туындаған айырмашылықты қоспағанда, сатуға арналған қолда бар үлестік қаржы құралдарын ауыстыру кезінде туындаған айырмашылықтар қосылмайды, бұл жағдайда басқа жиынтық кіріс құрамында көрсетілген бағамдық айырмашылықтар пайда немесе шығын құрамына қайта жіктеледі.

# 3 Есептік саясаттың негізгі ережелері, жалғасы

## (б) Ақшалай қаражат және оның баламасы

Ақшалай қаражат және оның баламасы қолма-қол банкноталар мен монеталарды, ҚРҰБ және басқа банктердегі еркін қалдықтарды, сондай-ақ әділ құн өзгерісінің елеулі тәуекеліне төзімді және Қор қысқа мерзімді міндеттемелерді реттеу үшін пайдаланатын бастапқы өтеу мерзімі 3 айдан кем жоғары өтімді қаржы активтерін қамтиды. Ақшалай қаражат және оның баламасы амортизацияланған құны бойынша қаржылық жағдай туралы есепте көрсетіледі.

## (в) Қаржы құралдары

### *(i) Қаржы құралдарын жіктеу*

*Өзгерістері кезең үшін пайда немесе шығын құрамында көрінетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары қаржы активтерін немесе міндеттемелерін көрсетеді:*

- жақын болашақта сату немесе сатып алу мақсатында сатып алынады немесе туындайды;
- бірлесе басқарылатын сәйкестендірілетін және олар бойынша өткен уақытта қысқа мерзімді болашақта пайданы алудың дәлелі бар қаржы құралдары портфелінің бөлігі болып табылады;
- туынды болып табылады (хеджирлеу құралы ретінде құрылған және нақты пайдаланылатын туынды қаржы құралдарын қоспағанда); немесе
- бастапқы тану сәтінде өзгерістері кезең үшін пайда немесе шығын құрамында көрінетін әділ құны бойынша бағаланатын санатқа белгіленген болып табылады.

Егер төмендегідей талаптар орындалса, Қор қаржы активтері мен міндеттемелерін өзгерістері кезең үшін пайда немесе шығын құрамында көрінетін әділ құны бойынша бағаланатын санатқа белгілеуі мүмкін:

- активтерді немесе міндеттемелерді басқару және оларды бағалау әділ құны негізінде жүзеге асырылады;
- мұндай тәсіл басқалай көрінетін бухгалтерлік есептегі сәйкессіздік эффектісін толығымен немесе айтарлықтай жояды; немесе
- актив немесе міндеттемелер құрылған туынды қаржы құралын қамтиды, ол ақшалай қаражаттың ағындарын маңызды өзгертеді, ол жоқ болған жағдайда шарт бойынша күтілуі мүмкін еді.

Басшылық қаржы құралын бастапқы тану сәтінде оны жатқызуға болатын санатты анықтайды. Бастапқы тану сәтінде өзгерістері кезең үшін пайда немесе шығын құрамында көрінетін әділ құны бойынша бағаланатын санатқа жатқызылған туынды қаржы құралдары мен қаржы құралдары өзгерістері кезең үшін пайда немесе шығын құрамында көрінетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары санатынан қайта жіктелмейді. Егер қаржы активтері кредиттер мен дебиторлық берешекті анықтауға жауап беретін болса, олар өзгерістері кезең үшін пайда немесе шығын құрамында көрінетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары санатына немесе егер компанияның ол активтерді болашақта немесе оларды өтеу мерзіміне дейін ұстап қалу ниеті мен мүмкіндігі болса, сату үшін қолда бар активтердің санатынан қайта жіктеледі.

# 3 Есептік саясаттың негізгі ережелері, жалғасы

## (в) Қаржы құралдары, жалғасы

### *(i) Қаржы құралдарын жіктеу, жалғасы*

Басқа қаржы құралдары тек сирек жағдайларда өзгерістері кезең үшін пайда немесе шығын құрамында көрінетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары санатынан қайта жіктелуі мүмкін. Сирек жағдайларға болашақта қайталануы екі талай ерекше жағдайлар жатады.

*Кредиттер мен дебиторлық берешек* белсенді жұмыс істейтін нарықта баға кесілмейтін, тіркелген және белгіленген төлемдері бар туынды емес қаржы активтерін білдіреді, бұған мыналар қосылмайды:

- Қор дереу немесе жуырда сатуға ниеттенеді;
- Қор бастапқы тану сәтінде өзгерістері кезең үшін пайда немесе шығын құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын санатқа жатқызады;
- Қор бастапқы тану сәтінде сатуға арналған қолда бар санатына жатқызады; не
- олар бойынша Қор кредиттің құнсыздануынан ерекшеленетін себептер бойынша барлық бастапқы жүзеге асырылған инвестицияларды өтемеуі мүмкін.

*Өтеу мерзіміне дейін ұсталатын инвестициялар* Қор өтеу мерзімі туындағанға дейін ұстауға ниетті және қабілетті тіркелген өтеу мерзімі бар және тіркелген немесе анықталған төлемдері бар туынды емес қаржы активтерін білдіреді, бұған мыналар қосылмайды:

- бастапқы тану сәтінде Қор өзгерістері кезең үшін пайда немесе шығын құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын санатқа жатқызады;
- Қор сатуға арналған қолда бар санатына жатқызады; не
- кредиттер мен дебиторлық берешек анықтамасына сәйкес.

*Сатуға арналған қолда бар қаржы активтері* сатуға арналған қолда бар санатына жатқызылатын немесе кредиттер мен дебиторлық берешек, өтеу мерзіміне дейін ұсталатын инвестициялар немесе өзгерістері кезең үшін пайда немесе шығын құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары анықтамасына жатпайтын туынды емес қаржы активтерін білдіреді.

### *(ii) Қаржылық есептілікте қаржы құралдарын тану*

Қаржы активтері мен міндеттемелері қаржылық жағдай туралы есепте Қор көрсетілген қаржы құралдары мәні болып табылатын шарттық қатынасқа түскен кезде көрсетіледі. Қаржы активтерін стандарт сатып алудың барлық жағдайлары есеп айырысу жүзеге асырылған күндегі қаржы есептілігінде көрсетіледі.

### *(iii) Қаржы құралдарын бағалау*

Қаржы активі немесе міндеттемесі бастапқыда әділ құны бойынша бағаланады, кезең үшін пайда немесе шығын құрамында өзгерістері көрсетілетін әділ емес құны бойынша бағаланатын қаржы активі немесе міндеттемесі жағдайында, қаржы активін немесе міндеттемесін сатып алуға немесе шығаруға тікелей жатқызылатын мәмілелер бойынша шығыстар қосылады.

# 3 Есептік саясаттың негізгі ережелері, жалғасы

## (в) Қаржы құралдары, жалғасы

### *(iii) Қаржы құралдарын бағалау, жалғасы*

Бастапқы танудан кейін қаржы активтері, сонымен қатарактивтер болып табылатын туынды қаржы құралдары әділ құны бойынша бағаланады, сату немесе басқаша есептен шығару нәтижесінде болуы мүмкін мәмілелер бойынша қандай да бір шығыстар шегерілмейді, бұған мыналар қосылмайды:

- тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдаланумен амортизацияланған құн бойынша бағаланатын кредиттер мен дебиторлық берешек;
- тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдаланумен амортизацияланған құн бойынша бағаланатын, өтеу мерзіміне дейін ұсталатын инвестициялар; және
- белсенді жұмыс істеп тұрған нарықта нарықтық белгіленген бағасы жоқ және әділ құнын сенімді түрде анықтауға болмайтын және бастапқы құны бойынша бағаланатын үлестік құралдарға инвестициялар.

«Салымдар мен дебиторлық берешек» санаты ХҚЕС 39 «Қаржы құралдары: тану және бағалау» бойынша «заемдар мен дебиторлық берешек» санатына балама.

Өзгерістері кезең үшін пайда немесе шығын құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелерді және әділ құны бойынша көрсетілген қаржы активінің аударымы тануды тоқтату критерийлеріне жауап бермегенде туындайтын қаржылық міндеттемелерді қоспағанда, барлық қаржылық міндеттемелер амортизацияланған құн бойынша бағаланады.

### *(iv) Амортизацияланған құн*

Қаржы активінің немесе міндеттеменің амортизацияланған құны жиналған амортизация көлеміне түзетілген берешектің негізгі сомасын төлеу, бастапқы танылған құн мен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалану арқылы анықталған өтеу сәтіндегі құн арасындағы айырмашылық шегерілген, сондай-ақ құнсызданудан болған шығын шегерілген бастапқы тану сәтінде қаржы активті немесе міндеттеме құнсызданған құнды білдіреді. Сыйлықақылар мен дисконттардың көлемі, сондай-ақ мәмілелер бойынша шығыстардың сомалары тиісті құралдың баланстық құнына қосылады және бұл құралдың тиімді пайыздық мөлшерлемесіне қарай амортизацияланады.

### *(v) Әділ құн бойынша бағалаудың қағидаты*

Әділ құн активті сатқан кезде алынуы немесе көрсетілген күні негізгі нарықта немесе ол болмаған жағдайда, Қор кіре алатын анағұрлым пайдалырақ нарықта бағалау күні нарық қатысушылары арасында ұйымдастырылған нарықта жүзеге асырылатын операциялар жағдайында міндеттемелерді берген кезде төленуі мүмкін бағаны білдіреді. Міндеттеменің әділ құны оның орындалмау тәуекелін көрсетеді.

Қор белсенді нарықтағы осы құралдың кесімді бағаларын пайдаланып, құралдың әділ құнын мүмкіндігінше бағалайды. Актив немесе міндеттеме бойынша операциялар тұрақты түрде кесімді бағаларды анықтау үшін жеткілікті жиілікпен және жеткілікті көлемде жасалатын болса, нарық белсенді деп танылады.

Белсенді нарықта ағымдағы баға кесімдері болмаған кезде Қор байқап жүрген бастапқы деректерді барынша көбірек пайдаланатын және байқап жүрмеген бастапқы деректерді барынша азырақ пайдаланатын бағалау әдістерін пайдаланады. Таңдап алынған бағалау әдістері нарық қатысушылары осы жағдайларда ескеруі мүмкін барлық факторды қамтиды.

# 3 Есептік саясаттың негізгі ережелері, жалғасы

## (в) Қаржы құралдары, жалғасы

### *(v) Әділ құны бойынша бағалаудың қағидаты, жалғасы*

Бастапқы тану кезінде қаржы құралының әділ құнының үздік айғағы – әдетте, мәміле бағасы, яғни төленген немесе алынған өтемнің әділ құны. Егер Қор бастапқы тану кезінде әділ құн мәміле бағасынан ерекшеленеді деп анықтаса және әділ құн ұқсас актив немесе міндеттеме үшін белсенді нарықтағы ағымдағы баға кесімімен расталмаса және байқап жүрген бастапқы деректерді ғана пайдаланатын бағалау әдістеріне негізделмесе, бастапқыда қаржы құралы бастапқы тану кезіндегі әділ құн мен мәміле бағасы арасындағы айырмашылықты кейінге қалдыру үшін түзетілген әділ құн бойынша бағаланады. Бастапқы танудан кейін айырмашылық пайда немесе шығын құрамында құрал өмірінің бүкіл мерзімі ішінде тиісінше, бірақ баға байқап жүрген бастапқы деректермен толығымен расталған немесе операция аяқталған сәттен кешіктірмей көрсетіледі.

### *(vi) Бұдан былайғы бағалау кезінде туындайтын пайда және шығын*

Қаржы активінің немесе міндеттемесінің әділ құны өзгерген кезде туындайтын пайда немесе шығын былай көрсетіледі:

- өзгерістері кезең үшін пайда немесе шығын құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша бағаланатын санатқа жіктелетін қаржы құралы бойынша пайда немесе шығын пайда немесе шығын құрамында көрсетіледі;
- сатуға арналған қаржы активі бойынша пайда немесе шығын бұрын капитал құрамында көрсетілген жиналған пайда немесе шығын пайда немесе шығын құрамына ауыстырылғанда активті тану тоқтатылған сәтке дейін капитал құрамында басқа кіріс ретінде көрсетіледі (құнсыздану шығындары және сатуға арналған қолда бар борыштық қаржы құралдары бойынша шетелдік валютадағы қалдықтарды ауыстырудан түскен пайда немесе шығын қосылмайды). Сатуға арналған қолда бар қаржы активі бойынша пайыздық кіріс туындау сәтінде тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі пайдаланып, пайда немесе шығын құрамында көрсетіледі.

Амортизацияланған құн бойынша көрсетілетін қаржылық активтер мен міндеттемелер бойынша пайда немесе шығын тану тоқталған немесе қаржылық актив немесе міндеттеме құнсызданған жағдайда, сондай-ақ тиісті амортизацияны есептеу барысында пайда немесе шығын құрамында көрсетіледі.

### *(vii) Тануды тоқтату*

Қор қаржы активін тануды осы қаржы активі бойынша ақшалай қаражат ағынына шартта көзделген құқықтан айырылған сәтте не осы қаржы активіне меншік құқығына байланысты тәуекел мен пайда түгел дерлік басқа тарапқа берілетін немесе Қор осы қаржы активіне меншік құқығына байланысты барлық тәуекел мен пайданың елеулі бөлігін бермейтін, сақтамайтын, бірақ қаржы активін бақылауды сақтамайтын мәміле жасау нәтижесінде қаржы активін берген кезде тоқтатады. Қоржасаған немесе онда сақталған тануды тоқтату үшін талаптар сақталатын берілген қаржы активтеріне кез келген қатысу үлесі қаржылық жағдай туралы есепте жеке актив немесе міндеттеме ретінде танылады. Қор қаржылық міндеттемелерді тануды ол бойынша шарттық міндеттемелер орындалған, күшін жойған немесе тоқтатылған кезде тоқтатады.

## 3 Есептік саясаттың негізгі ережелері, жалғасы

### (в) Қаржы құралдары, жалғасы

#### *(vii) Тануды тоқтату, жалғасы*

Қор қаржылық жағдай туралы есепте танылған активтерді беретін талаптарда мәмілелер жасайды, бірақ мұндайда берілген активтерге меншік құқығынан шығатын тәуекелдер мен пайданың барлық немесе бір бөлігін өзінде сақтайды. Барлық немесе түгел дерлік тәуекелдер мен пайданы сақтау кезінде Қор берілген активтерді тануды тоқтатпайды.

Қор қаржы активіне меншік құқығынан шығатын түгел дерлік тәуекел мен пайданы өзінде сақтамайтын, бірақ бермейтін де талапта мәмілелер жасаған кезде Қор активті бақылаудан айырылып қалса, бұл активті тану тоқтатылады.

Егер активті берген кезде Қор оны бақылауды сақтап қалса, ол активке Қордың оның құнының өзгерістеріне бейімділік дәрежесі ретінде анықталатын қатысуын сақтаған дәрежеде активті тануды жалғастырады.

Қор өндіруі үмітсіз деп танылған активтерді есептен шығарады.

#### *(viii) «РЕПО» және «кері РЕПО» мәмілелері*

Кері өтеуін төлеп алу («РЕПО» мәмілесі) міндеттемесімен сату туралы келісімдер аясында сатылған бағалы қағаздар бағалы қағаздар кепілдігімен қамтамасыз етілген қаржыландыру тарту бойынша операциялар ретінде көрсетіледі, мұндайда бағалы қағаздар қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілуін жалғастырады, ал контрагенттер алдындағы міндеттемелер «РЕПО» мәмілелері бойынша кредиторлық берешек құрамына қосылады. Сату бағасы мен кері өтеуін төлеп алу бағасының арасындағы айырмашылық пайыздық шығысты білдіреді және тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолданып, «РЕПО» мәмілесі қолданылатын кезең үшін пайда немесе шығын құрамында көрсетіледі.

Кері сату («кері РЕПО» мәмілесі) міндеттемесімен сатып алу туралы келісімдер аясында сатып алған бағалы қағаздар «кері РЕПО» мәмілелері бойынша дебиторлық берешек сомасы ретінде көрсетіледі. Сатып алу бағасы мен кері сату бағасының арасындағы айырмашылық пайыздық табысты білдіреді және тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолданып, «кері РЕПО» мәмілесі қолданылатын кезең үшін пайда немесе шығын құрамында көрсетіледі.

Кері сату міндеттемесімен сатып алу туралы келісімдер аясында сатып алған активтер үшінші тарапқа сатылса, бағалы қағаздарды қайтару міндеттемесі сауда-саттыққа арналған міндеттеме ретінде көрсетіледі және әділ құны бойынша бағаланады.

#### *(ix) Активтерді және міндеттемелерді өзара есептесу*

Қордың қаржы активтері мен міндеттемелері өзара есептеледі және егер бұл үшін заңды негіздер болса және тараптар берешекті есептесу арқылы реттеуге немесе бір уақытта активті іске асыруға және міндеттемені орындауға ниеттенсе, жинақы түрдегі қаржылық жағдай туралы есепте көрсетіледі.

### (г) Негізгі құралдар

#### *(i) Меншікті активтер*

Негізгі құралдардың нысандары жинақталған амортизация мен құнсыздану шығындары шегеріле отырып, нақты шығасылар бойынша көрсетіледі.

Негізгі құралдардың нысаны пайдалы қызмет мерзімі әртүрлі бірнеше бөлшектен тұратын болса, мұндай бөлшектер жеке негізгі құралдардың нысандары ретінде есепке алынады.

# 3 Есептік саясаттың негізгі ережелері, жалғасы

## (г) Негізгі қаражат, жалғасы

### (ii) *Амортизация*

Негізгі қаражат бойынша амортизация оларды болжалды дұрыс пайдалану мерзімі ішінде тозуды бірдей есептеу әдісі бойынша есептеледі және пайда немесе шығын құрамында көрінеді. Амортизация нысанды сатып алу күнінен бастап есептеледі, ал шаруашылық тәсілмен көтерілген негізгі қаражат нысандары үшін нысан құрылысы аяқталған және ол пайдалануға дайын болған сәттен бастап есептеледі. Жер телімдері бойынша амортизация есептелмейді. Негізгі қаражаттың түрлі нысандарын дұрыс пайдалану мерзімдері келесідей түрде берілген:

| | |
|---|---|
| - ғимарат | 40 жыл |
| - компьютерлік жабдық | 3 - 5 жыл; |
| - офистік жабдық | 7 жыл; |
| - транспорттық құралдар | 5 - 7 жыл. |

## (д) Материалдық емес активтер

Қор сатып алған материалдық емес активтер құнсызданудан шығындар мен амортизациялардың жинақталған сомалары шегерілген нақты құны бойынша көрсетіледі.

Арнайы бағдарламалық қамтамасыз ету мен оны ендіруге лицензияларды сатып алуға шығындар тиісті материалдық емес активтердің құнына капитализацияланады.

Материалдық емес активтер бойынша амортизация оларды дұрыс пайдаланудың болжалды мерзімі ішінде тозуды бірдей есептеу әдісі бойынша есептеледі және жиынтық кіріс есепте көрінеді. Материалдық емес активтерді дұрыс пайдаланудың болжалды мерзімі – 1 жылдан 10 жылға дейін.

## (е) Құнсыздану

Қор әрбір есепті кезеңнің аяғында қаржы активтерінің немесе қаржы активтері тобының нақты құнсыздану куәліктерінің бар-жоғын бағалайды. Мұндай куәліктер бар болған жағдайда Қор кез келген құнсызданудан шығынның көлемін бағалайды.

Қаржы активі немесе қаржы активтерінің тобы құнсызданады және құнсызданудан шығындар тек қаржы активін бастапқы танығаннан кейін туындаған бір немесе бірнеше жағдайлар (шығын орын алған жағдайда) нәтижесінде құнсызданудың нақты дәлелі бар болғанда, және көрсетілген жағдай (немесе жағдайлар) сенімділіктің жеткілікті деңгейімен бағаланатын қаржы активтері немесе қаржы активтерінің тобы бойынша ақшалай қаражаттың болжалды болашақ ағындарына әсер еткен жағдайда ғана орынды.

Қаржы активтерінің құнсыздануының нақты куәлігіне міндеттемелердің орындалмауы (дефолт) немесе заемшы жіберіп алған мерзімі өткен төлемдер, заемшының шарт бойынша міндеттемелерін немесе шарт талаптарын орындамауы, Қор қандай болған жағдай да қарастырмайтын қаржы активтерінің немесе қаржы активтері тобының қайта құрылымдалуы, заемшының немесе эмитенттің банкрот болуы мүмкін белгілері, бағалы қағаздар үшін белсенді нарықтың жойылуы, қамтамасыз ету құнының төмендеуі немесе топқа енетін заемшының төлемқабілеттігінің төмендеуі немесе немесе көрсетілген топқа кіретін заемшылардың міндеттемелерді (дефолт) орындаумен қатынас орнататын экономикалық шарттардың өзгерісі секілді активтер тобына қатысты басқа бақыланатын деректер енеді.

# 3 Есептік саясаттың негізгі ережелері, жалғасы

## (е) Құнсыздану, жалғасы

Сату үшін қолда бар үлесті бағалы қағаздарға инвестициялаудың әділ құнының осы бағалы қағаздар бойынша нақты шығындардан төмен құнына дейін маңызды немесе ұзақ төмендеуі құнсызданудың нақты куәлігі болып табылады.

### (і) *Амортизацияланған құны бойынша көрінетін қаржы активтері*

Амортизацияланған құны бойынша көрінетін қаржы активтері ең бастысы банктердегі салымдар мен басқа дебиторлық берешектерден тұрады (бұдан әрі – «салымдар мен дебиторлық берешек»). Қор тұрақты түрде болуы мүмкін құнсыздануды анықтау мақсатында салымдар мен дебиторлық берешекті бағалайды.

Қор бастапқыда жеке түрде маңызды болып табылатын салымдар мен дебиторлық берешек бойынша жеке, және жеке немесе ұжыммен жеке маңызды болып табылмайтын салымдар мен дебиторлық берешектер бойынша құнсызданудың нақты дәлелінің бар-жоғын бағалайды. Егер Қор жеке бағаланатын салымдар немесе дебиторлық берешектер бойынша құнсызданудың нақты дәлелінің жоқтығын маңызды немес жоқ деп анықтаса, салым немесе дебиторлық берешек кредиттік тәуекелдің ұқсас сипаттамаларымен салымдар мен дебиторлық берешек тобына енгізіледі және ұжымдық негізде активтер тобының құрамына құнсыздануға бағаланады. Құнсызданудан шығын туындайтын немесе ол жалғасатын құнсыздануға жеке-жеке бағаланатын салымдар мен дебиторлық берешек құнсыздануға ұжымдық бағалауға енгізілмейді.

Банктегі мерзімді салымдар немесе дебиторлық берешек бойынша құнсызданудан шығынның нақты дәлелі бар болған жағдайда шығын сомасы банктегі салымның немес дебиторлық берешектің баланстық құны мен ағымдағы сәтке келтірілген банктегі салым немесе дебиторлық берешек бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалану арқылы дисконтталған ақшалай қаражаттың болжалды келешек ағындарының құны арасындағы айырмашылықпен өлшенеді. Жасалынған шарттардың талаптарына сәйкес ақшалай қаражат ағындары және ағымдағы экономикалық шарттарды көрсететін тиісті ақпарат негізінде түзетілген шығындарды алудың тарихи тәжірибесі ақшалай қаражаттың болжалды ағындарын анықтау үшін қызмет етеді.

Банктердегі мерзімді салымдар мен дебиторлық берешектің құнсыздануынан барлық шығындар пайда немесе шығын құрамында көрінеді және тек егер өтелетін құнның кейіннен ұлғаюы құнсызданудан болған шығындарды таныганнан кейін туындаған жағдайлармен нақты байланысты болған жағдайда ғана қалпына келтіріледі.

Банктегі мерзімді салым бойынша өндіріп алу мүмкін болмаған жағдайда банктегі мерзімді салым құнсызданудан сәйкесті резерв есебінен алынады. Мұндай банктердегі мерзімді салымдар (және банктердегі мерзімді салымдардың құнсыздануынан кез келген тиісті резервтер) басшылық банктердегі мерзімді салымдар бойынша берешекті өндіріп алу мүмкін емес деп анықтағаннан кейін және берешекті өндіру бойынша барлық қажетті рәсімдер аяқталған деп анықтағаннан кейін есептен шығарылады.

# 3 Есептік саясаттың негізгі ережелері, жалғасы

## (е) Құнсыздану, жалғасы

### *(ii) Сату үшін қолда бар қаржы активтері*

Сату үшін қолда бар қаржы активтерінің құнсыздануынан шығындар өзге де жиынтық кіріс құрамында танылған жинақталған шығынды қайтажіктеу түзетуі ретінде пайда немесе шығын құрамына аудару арқылы танылады. Өзге де жиынтық кіріс құрамынан пайда немесе шығын құрамына қайта жіктелген жинақталған шығын негізгі сома мен амортизацияның кез келген төлемдері шегерілген сатып алу құны мен пайда немесе шығын құрамында бұрын танылған құнсызданудан шығыны шегерілген ағымдағы әділ құнының арасындағы айырмашылықты білдіреді. Ақшаның уақытша құнына қатысты құнсызданудан резерв өзгерісі пайыздық кірістің компоненті ретінде көрінеді.

Егер кейінгі кезеңде сату үшін қолда бар құнсызданған борышты бағалы қағаздардың әділ құны ұлғайған және ұлғаю құнсызданудан шығынды пайда немесе шығын құрамында танығаннан кейінгі жағдаймен нақты байланысты болған жағдайда, құнсызданудан шығын қалпына келтіріледі, және қалпына келтірілген шама пайда немесе шығын құрамында танылады. Алайда сату үшін қолда бар құнсызданған борышты бағалы қағаздың әділ құнын кез келген кейінгі қалпына келтіру өзге жиынтық кіріс құрамында танылады.

### *(iii) Қаржылық емес активтер*

Кейінге қалдырылған салықтардан өзге басқа қаржылық емес активтер құнсызданудың мүмкін белгілерін анықтау үшін әрбір есепті күнге талданады. Қаржылық емес активтердің өтелетін сомасы сату және қолданудағы құндылығы бойынша шығыстар шегерілген әділ құнның үлкен шамасы болып табылады. Пайдалану құндылығын анықтау кезінде күтілетін ақша қаражаттары ағындары активке тән тәуекелдердің және ақшаның уақытша құнына ағымдағы нарықтық бағаның ықпалын көрсететін салық салуға дейін есептеу мөлшерін қолданумен берілген бағаларына дейін есептеледі. Басқа активтерінің есебінен қалыптастырылған ақша қаражаттарынан көп дәрежеде тәуелсіз ақша қаражаттар ағындары қалыптастырмайтын актив үшін өтелетін сома активке тиесілі қалыптастырылатын ақша қаражаттары актив немесе актив тобы бойынша анықталады. Құнсызданудан болған шығын ақша қаражаттарын қалыптастыратын активтің немесе актив топтарының қалпына келтірілген баланстық құны оның өтелетін құнынан артық болған кезде танылады.

Қаржылық емес активтердің құнсыздануынан болған барлық шығындары өтелетін құнын анықтау үшін пайдаланылатын бағалауда өзгеріс болған жағдайда ғана қалпына келтіріледі және таза зейнетақы активтеріндегі өзгерістер туралы есепте көрсетіледі. Активтің құнсыздануынан болған кез келген шығын қалыпқа келтірілген активтің баланстық құны құнсызданудан болған шығын танылмағанда соған сәйкес баланстық құнынан (амортизацияны және тозуды қоспағанда) аспайтын мөлшерде қалпына келтіріле алады

## (ж) Резервтер

Резервтер Қорда өткен оқиғалар нәтижесінде заңды немесе негізді жағдайлары туындаған жағдайда қаржы есептілігінде көрінеді және осы міндеттемелерді орындау үшін қаражатты аударуды талап ету мүмкіндігі бар.егер мұндай міндеттемелердің сомасы анағұрлым болса, онда резервтер осы міндеттемеге тән тәуекелдерді және ақшаның уақытша құнын ағымдағы нарықтық бағалауды көрсететін салық салынғанға дейін дисконттау мөлшерлемесін пайдалану арқылы ақша қаражатының болжалды келешек ағындарын дисконттау жолымен анықталады.

## 3 Есептік саясаттың негізгі ережелері, жалғасы

### (з) Акционерлік капитал

*(i) Қарапайым акциялар*

Қарапайым акциялар капитал ретінде жіктеледі. Қарапайым акциялар мен акцияларға опциондардың шығарылымымен тікелей байланысты шығындар кез келген салықтық эффектілер шегерілген капиталдың азаюы ретінде танылады.

*(ii) Дивидендтер*

Қор коммерциялық емес ұйым болып табылады және тиісінше өз акциялары бойынша дивидендтер төлемейді.

### (и) Салық салу

Табыс салығының сомасына жыл үшін ағымдағы салық сомасы және кейінге қалдырылған салық сомасы кіреді. Табыс салығы басқа жиынтық кіріс құрамында көрінетін операцияларға немесе басқа жиынтық кіріс немесе тікелей капитал құрамында көрінетін тікелей капиталдың шоттарында айқындалатын меншіктермен операцияларға қатысы бар сомаларды қоспағанда толық көлемде пайда немесе шығын құрамында байқалады.

Ағымдағы табыс салығы есепті күндегі жағдай бойынша әрекет ететін табыс салығы бойынша мөлшерлемелер, сонымен қатар алдыңғы жылдар үшін табыс салығының сомаларын нақтылау нәтижесінде туындаған жағдайлардың сомаларының есебімен жылғы салық салынатын пайданың болжалды мөлшерінен есептеледі.

Кейінге қалдырылған салық қаржылық есептілікте және салық базасында көрінуі мақсаттары үшін анықталатын активтер мен міндеттемелердің баланстық құны арасында туындайтын уақытша айырмашылықтарға қатысты.

Кейінге қалдырылған салық бастапқы көріну дерегі бухгалтерлік не салық салынатын пайдаға ықпал етпейтін активтерді немесе міндеттемелерді бастапқы тану кезінде танылмайды. Кейінге қалдырылған салық шамасы есепті күнгі жағдай бойынша қолданысқа енгізілген немесе қолданыстағы заңға негізделе отырып уақыт айырмашылықтарын қалпына келтіру сәтінде келешекте қолданылатын салық мөлшерлемелерінен айқындалады.

Кейінге қалдырылған салықтық активтердің және кейінге қалдырылған салық міндеттемелерінің есебі Қор есепті кезеңнің аяғында өтеуді немесе активтер мен міндеттемелердің баланстық құнын төлеуді жоспарлайтын тәсілге байланысты салықтық салдарды көрсетеді.

Кейінге қалдырылған салық бойынша талап келешекте салықтар бойынша қабылданбаған шығыстар мен пайдаланбаған салықтық жеңілдіктерді, уақытша айырмашылықтарды жабу үшін жеткілікті салық салынатын пайда алу мүмкіндігі деңгейінде көрсетіледі. Мерзімі кейінге қалдырылған талаптардың мөлшері салық талаптарын іске асырудан түскен сәйкесті пайда алудың ықтималдылығы жоқ кезде азаяды.

### (к) Қаржы есептілігіндегі кірістер мен шығыстарды тану

Пайыздық кірістер мен шығыстар тиімді пайыздық ставка әдісі бойынша епайда мен шығын құрамында көрінеді.

Басқа комиссиялар, сонымен қатар басқа кірістер мен шығыстар тиісті қызметтерді берген күнге пайда немесе шығын құрамында көрініс табады.

# 3 Есептік саясаттың негізгі ережелері, жалғасы

## (к) Қаржы есептілігіндегі кірістер мен шығыстарды тану, жалғасы

Операциялық жалдау шарттары бойынша төлемдер жалға алудың барлық қолданыс мерзіміне бірдей кезең үшін пайда немесе шығын құрамында танылады. Алынған жеңілдіктер сомасы алудың барлық қолданыс мерзімі ішінде жалдау бойынша шығыстардың жалпы шамасын азайтады.

## (л) Алдыңғы кезеңдер үшін қайта жіктеу

Салыстырмалы деректер қаржы жағдайы туралы есептегі, пайда немесе шығын және басқа жиынтық кіріс туралы есептегі және 2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есептегі өзгерістерге сәйкестік мақсатында қайта жіктелген болатын.

Келесі кесте қайта жіктеудің қаржы жағдайы туралы есепке, пайда немесе шығын және басқа жиынтық кіріс туралы есепке және 2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есепке жалпы әсерін көрсетеді:

| | Бұрын көрсетілген сома | Қайта жіктеу | Қайта жіктелген сома |
|---|---|---|---|
| **2014 жылғы 31 желтоқсанға аяқталған жыл үшін қаржы жағдайы туралы есеп** | | | |
| Сенімгерлікпен басқарған үшін ҚРҰБ төлеміне комиссия | - | 3,273,836 | 3,273,836 |
| Басқа міндеттемелер | 3,964,462 | (3,273,836) | 690,626 |
| **Міндеттемелер жиыны** | **3,964,462** | **-** | **3,964,462** |
| **2014 жылғы 31 желтоқсанға аяқталған жыл үшін пайда немесе шығын және басқа жиынтық кіріс туралы есеп** | | | |
| Комиссиялық шығыс | - | (6,460,387) | (6,460,387) |
| **Операциялық кіріс** | **27,515,774** | **(6,460,387)** | **21,055,387** |
| Персорналға шығыстар | - | (4,730,668) | (4,730,668) |
| Басқа да жалпы әкімшілік шығыстар | (12,845,973) | 11,191,055 | (1,654,918) |
| **Салық салынғанға дейінгі пайда** | **14,669,801** | **-** | **14,669,801** |
| **2014 жылғы 31 желтоқсанға аяқталған жыл үшін ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есеп** | | | |
| **ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ ҚОЗҒАЛЫСЫ** | | | |
| *Түзетулер:* | | | |
| Тозу және амортизация | 160,294 | 13 | 160,307 |
| Негізгі қаражат пен материалдық емес активтердің шығуынан шығын | 5,448 | 2 | 5,450 |
| демалыстар бойынша резерв | - | 24,560 | 24,560 |

# 3 Есептік саясаттың негізгі ережелері, жалғасы

## (л) Алдыңғы кезеңдерге қайта жіктеу, жалғасы

| | Бұрын көрсетілген сома | Қайта топтастыру | Қайтатопта стырылған сома |
|---|---|---|---|
| **2014 жылғы 31 желтоқсанға аяқталған жыл үшін ақшалай қаражат қозғалысы туралы есеп, жалғасы** | | | |
| Сыйлықақылар бойынша резерв | - | (20,556) | (20,556) |
| Шетел валютасымен операциялардан таза пайда | - | (19,233) | (19,233) |
| Пайыздық кіріс | (464,481) | (607,695) | (1,072,176) |
| **Операциыық активтердің ұлғаюы/кемуі** | | | |
| Банктердегі мерзімді салымдар | (8,362,071) | 8,362,071 | - |
| Өзге активтер | 299,795 | (400,421) | (100,626) |
| **Операциялық міндеттемелердің ұлғаюы** | | | |
| сенімгерлікпен басқарған үшін ҚРҰБ төлеміне комисия | - | 2,964,128 | 2,964,128 |
| Өзге міндеттемелер | 3,164,188 | (2,968,132) | 196,056 |
